

Жоқ заңды тұлғалар мен жоқ борышкерді, сонымен қатар өздерінің қызметін заңнаманы өрескел бұза отырып жүзеге асыратын заңды тұлғаларды таратудың сот практикасы туралы

2004 жылғы 18 маусымдағы № 5 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы

Ескерту. Нормативтік қаулының тақырыбы және деректемелері жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Бұқіл мәтін бойынша "талапкер", "Талапкер", "талабы", "талаптан" деген сөздер тиісінше "талап қоюшы", "Талап қоюшы", "талап қоюы", "талап қоюдан" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Өздерінің қызметін заңнаманы өрескел бұза отырып жүзеге асыратын заңды тұлғаларды (бұдан әрі - жоқ заңды тұлғалар мен жоқ борышкерлерді) тарату туралы заңнаманы сот практикасында біркелкі түсіндіру және қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

1. Заңды тұлғаны тарату Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 49-бабының 2-тармағында және өзге де заңнамалық актілерде көзделген негіздер бойынша соттың шешіміне сәйкес жүзеге асырылатынына соттардың назары аударылсын.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін тоқтату ерекшеліктері АК-нің 21-бабында, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 39, 53-баптарында, "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Заңының (бұдан әрі – Заң) 7, 8 және 9-тарауларында көзделген.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 23, 2011.12.30 № 5; 29.11.2018 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

2. Жоқ заңды тұлғалар мен жоқ борышкерлер үшін заңнамада таратудың арнайы негіздері мен жеңілдетілген тәртібі көзделген.

Заңның 1-бабының 13) тармақшасына сәйкес жоқ борышкер – "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әрекетсіз деп танылған, оның, сондай-ақ

құрылтайшысының (қатысушысының), лауазымды адамының жоқтығы Занды айқындалған тәртіппен белгіленген борышкер.

Салық органдары жыл сайын 30 сәуірден кешіктірмей Салық кодексінде белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін салық кезеңі үшін салық декларациялары мен Салық кодексінің 91-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген мәліметтерді ұсынбаған салық төлеушілерді әрекет етпейтін салық төлеушілер деп тану туралы бұйрық шығарады.

Егер занды тұлға орналасқан жері бойынша немесе нақты мекенжайы бойынша болмаса, егер занды тұлға бір жыл бойы жұмыс істей алмайтын оның құрылтайшылары (қатысушылары) және лауазымды адамдары болмаса, егер ол занды тұлғаның жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызметті жүйелі түрде жүзеге асыру, қызметін тиісті лицензиясыз не заңнамалық актілерде тыйым салынған қызметті жүзеге асыру арқылы заңнаманы өрескел бұза отырып, қызметін жүзеге асырса, АК-нің 49-бабы 2-тармағының 3) және 4) тармақшаларына сәйкес таратылуы мүмкін.

Жоқ занды тұлғаны және жоқ борышкерді тарату тек сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Жоқ занды тұлғаны және жоқ борышкерді тарату тәртібі оның кредиторлық берешегінің (кредиторлардың) болуына не болмауына байланысты анықталады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - КР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 23, 2011.12.30 № 5; 29.11.2018 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

3. Занды тұлғалардың қызметін жүзеге асыру кезінде занды өрескел бұзуы деп егер мұндай бұзушылық іс жүзінде жағымсыз нақты немесе құқықтық салдарларға әкеп соктырса немесе сондай мүмкіндік туғызыса, тиісті занды тұлғаны құруды, қайта үйимдастыруды, таратуды, сондай-ақ құрылтайшы немесе осы занды тұлғаны басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке тұлға (тұлғалар) жасаған қызметті регламенттейтін және (немесе) реттейтін ұлттық заңнама нормаларын, ратификацияланған халықаралық шарттарды қасақана немесе абайсызда айқын және елеулі түрде бұзуды санаған жөн.

Жоқ занды тұлғаның АК-нің 49-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында санамаланған белгілері жеке алғанда, сондай-ақ занды тұлғада кредиторлардың болмауы занды тұлғаны тарату үшін дербес негіз болып табылмайды.

Орналасқан жері бойынша немесе нақты мекенжайында болмаған занды тұлға, сондай-ақ оның құрылтайшылары (қатысушылары) мен лауазымды адамдары болмаған кезде, егер осы занды тұлға өз қызметін уақытша тоқтатса, бірақ тиісті салық есептілігін белгіленген мерзімде уақтылы ұсынып отырса, АК-нің 49-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес таратылуы мүмкін емес.

Лауазымды адамдары жоқ, бірақ занды тұлғаның қызметін ұйымдастыру үшін жауапты және лауазымды адамдарды тағайындауға (сайлауға) құқылы құрылтайшылары (қатысушылары) бар занды тұлға көрсетілген тәртіппен таратылуы мүмкін емес.

Жоқ занды тұлғаның салық есептілігін ұсынбағанын жұмыс істейтін занды тұлғаның есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуынан ажыратада болу керек. Өз қызметін жүзеге асыратын және тіркелген жері бойынша орналасқан (яғни жоқ емес), бірақ салық есептілігін белгіленген мерзімдерде ұсынбайтын занды тұлғалар, құрылтайшылар (қатысушылар) не лауазымды адамдар осындай бұзушылықтар үшін қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қауулысымен.

4. АК-нің 49-бабының 3-тармағына сәйкес жоқ занды тұлғаны тарату туралы талапты сотқа заңнамалық актілерде осындай талап қоюға құқық берілген мемлекеттік орган, ал банкрот болған жағдайларда кредиторлар да беруі мүмкін. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 19-бабына сәйкес атап айтқанда, мұндай құқық салық органдарына берілген.

Салық органдары АК-нің 49-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша соттарға занды тұлғаны тарату туралы талап қоюға құқылы.

Тиісті лицензиясыз қызметін жүзеге асыруына байланысты лицензияр занды тұлғаны тарату туралы талап қою құқығына ие болады.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Қазақстан Республикасы Заңының 133-бабының 1-тармағына сәйкес респубикалық мемлекеттік кәсіпорынды Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынды жергілікті атқарушы орган немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жинальысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты құрады.

Салық органдары мәжбүрлі түрде таратуға (есептік тіркеуден шығаруға, қызметін тоқтатуға) жататын субъектілердің тізбесіне енгізілген субъектілерге қатысты мәжбүрлі түрде тарату (есептік тіркеуден шығару, қызметін тоқтату) туралы талап қоюды сотқа құнтізбелік жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей жолдайды.

Егер зандарда өзгеше белгіленбесе, респубикалық занды тұлғаны тиісті саланың уәкілетті органы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімімен таратады. Коммуналдық занды тұлғаны жергілікті атқарушы орган немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің және жергілікті қоғамдастық жинальысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауыл округі әкімінің аппараты таратады.

Мемлекеттік мекеменің өзі құрылтайшы болған жұмыс істемейтін басқа мемлекеттік мекемені тарату туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатпайды, өйткені АҚ-нің 50-бабына сәйкес осындай занды тұлғаны тарату рәсімін сот емес, тарату туралы шешім қабылдаған орган жүзеге асырады.

Жоқ занды тұлға (жоқ борышкер) кредиторлық берешегі болғанда Заңның 118-бабында белгіленген оңайлатылған рәсімдер бойынша банкроттық (дәрменсіздікке) байланысты АҚ-нің 49-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес сот тәртібімен таратылуға жатады.

Жоқ борышкерді банкроттық негізде тарату туралы талаптарды мәлімдеу құқығы Заңның 44, 47-баптарымен кредиторларға, сондай-ақ прокурорға берілген.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған кунінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

5. Кредиторлары болмаған жоқ занды тұлғаны тарату туралы немесе жоқ борышкерге қатысты оның кредиторлық берешегі болғанда банкроттық жөнінде іс қозғау туралы талап қоюмен сотқа жүгінген кезде арыз берушілер занды тұлғалардың құрылтай құжаттарында көрсетілген жерде немесе нақты мекенжайында жоқ екенін, сондай-ақ занды тұлға жұмыс істей алмайтын оның құрылтайшылары (қатысуышылары) және лауазымды адамдары жоқ екенін растайтын дәлелдемелерді ұсынуға міндетті, бұл ретте арыз беруші сотқа жүгінген сәтке дейін заннамада белгіленген жоқ болу мерзімі жоқ борышкерлер үшін алты айдың ішінде, ал жоқ занды тұлғалар үшін бір жылдың ішінде өткенін раставу қажет.

Мұндай дәлелдемелер жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, кәсіпкерлік қызметке бақылауды жүзеге асыратын аумақтық органдардың, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсететін ұйымдардың актілері, анықтамалары немесе өзге де құжаттары болуы мүмкін. Сонымен қатар, байланыс органдарының соттың занды тұлғаның атына жіберген жоқ занды тұлғаны тарату туралы арыздың және іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы сот ұйғарымдарының көшірмелерін адресаттың жоқтығы немесе оның шығып кеткені туралы белгімен кері қайтаруы, сонымен қатар корпоративтік табыс салығы туралы (жиынтық жылдық кіріс пен жасалған шегерімдер туралы) декларацияны немесе оңайлатылған декларацияны занда белгіленген табыс ету мерзімінен кейін бір жыл өткен соң табыс етпеуі занды тұлғаның жоқ болуына дәлелдеме болып табылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған кунінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

6. Сот занды тұлға өз қызметін жүзеге асыра алмайтын (жұмыс істей алмайтын) адамдардың тобын әрбір нақты жағдайда жарғылық құжаттардың негізінде анықтайды. Арыз берушілер жоқ занды тұлғаны (борышкерді) тарату туралы сотқа жүгіну кезінде

құрылтай құжаттарын немесе құрылтай құжаттарының нотариалды қуәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ осы занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы қуәландыратын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Занды тұлғаның қызметін жүзеге асыру мүмкін болмайтын (жұмыс істей алмайтын) лауазымды адамдардың, сондай-ақ құрылтайшылар мен қатысушы жеке тұлғалардың көрсетілген құрылтай құжаттарында болмауы олардың кетіп қалғаны, тұрмайтыны туралы құжаттармен, қуәлардың айғақтарымен, басқа да дәлелдемелермен расталуы мүмкін.

Занды тұлға белгіленген тәртіппен қызметтен босатқан адамдар, олардың тұрғылықты жері белгілі болса да және олар сот отырысына келсе де, жоқ занды тұлғаның (жоқ борышкердің) тиісті өкілдері болып танылмайды.

Егер жоқ занды тұлғаның, оның ішінде борышкердің жалғыз құрылтайшылары (қатысушылары) басқа занды тұлғалар болса және олар занда белгіленген тәртіппен таратылса, онда бұл жағдай да занды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) жоқ екеніне дәлелдеме болып табылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

7. Сот занды тұлғаның қызметін жүзеге асыру мүмкін болмайтын лауазымды адамдардың қайтыс болғаны туралы, әрекетке қабілетсіз деп танылғаны, бас бостандығынан айыруға сотталғаны не қызметтің белгілі бір түрімен айналысу құқығынан айырылғаны, хабар-ошарсыз кетті деп танылғаны туралы немесе жалғыз құрылтайшы (қатысушы) – жеке тұлғалардың (құқық мирасқорлығы болмаған кезде) қайтыс болғаны туралы құжаттарды дәлелдемелер ретінде қабылдауы мүмкін.

Мұндай жағдайда занды тұлғаны тарату туралы талап аталған оқиғалар орын алған күннен бастап алты ай (бір жыл) өткенге дейін де мәлімделуі мүмкін.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

8. Жоқ борышкерлердің кредиторлық берешегі болуы немесе жоқ занды тұлғаның кредиторлары болмауы олардың соңғы тапсырған салық есептілігіне берілген түсіндірмелермен, салық органдарының баланстарымен, анықтамаларымен, өзге құжаттармен расталуы мүмкін.

Жоқ занды тұлғаның (жоқ борышкердің) кредиторлардың немесе кредиторлық берешегі болуы немесе болмауы туралы ұсынылған дәлелдемелерге байланысты арыз беруші АК-нің, Заңның тиісті баптарына сілтеме жасай отырып, жоқ занды тұлғаны, жоқ борышкерді тарату туралы талап қою үшін занда көзделген негіздерді көрсетуге міндетті.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

9. Соттар АПК-нің 31-тарауында, Заңның 44, 45, 46, 47-баптарында көзделген сотқа жоқ борышкерлерді тарату туралы арыздарды ресімдеуге, олардың банкроттығы туралы арыздарды жазуға қойылатын талаптарды осы санаттағы істердің ерекшеліктерін ескере отырып қолданғаны жөн.

Кредиторлардың борышкерге қоятын талаптарының сомасы бойынша Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 2) тармақшаларында белгіленген шектеулер жоқ борышкерге қатысты қолданылмайды, ал жоқ борышкердің банкроттығы туралы арызды соттар оның берешек сомасының мөлшеріне қарамастан, қарауға қабылдайды.

Салық органдарының және прокурордың жоқ заңды тұлғаны, сондай-ақ жоқ борышкерді тарату туралы арыздарына мемлекеттік баж салынбайды. Басқа кредиторлар борышкердің банкроттығы туралы арызben жүргінген жағдайда мемлекеттік баж жалпы тәртіппен төленеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

10. Жоқ заңды тұлғаның (жоқ борышкердің) ұйымдық-құқықтық нысанының АК-нің 34-бабының талаптарына сәйкес келмеуі, арыз берушінің сотқа жүргінуі кезінде жоқ заңды тұлғаның (жоқ борышкердің) мүліктері бар екендігі туралы мәліметті ұсынбауы заңды тұлғаны тарату туралы арызды қарауға қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылмайды.

Егер заңды тұлға АК қабылданғанға дейін құрылған және белгіленген тәртіппен тіркелген жағдайда Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімінде заңды тұлғаның болмауы арызды қарауға қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылмайды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

11. Жоқ заңды тұлғаны тарату туралы арыздар талап қою ісін жүргізу тәртібімен, жоқ борышкердің банкроттығы туралы арыз ерекше іс жүргізу тәртібімен қаралады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

12. Егер жоқ заңды тұлғаны тарату туралы істі қарау кезінде арыз беруші жоқ деп көрсеткен заңды тұлғаның уәкілетті лауазымды адамдары немесе оның құрылтайшылары (қатысушылары) сот отырысына келсе немесе заңды тұлғаның қызметін жалғастыратыны не таратумен келісетіні туралы жазбаша мәлімдесе, онда сот

осы заңды тұлғаны жоқ заңды тұлға ретінде тарату туралы талап қоюды қанағаттандырудан бас тартады.

Кредиторлар (кредиторлық берешек) тікелей сот отырысында анықталған жағдайда, егер заңды тұлғаны тарату туралы талап тек оның кредиторлары жоқ екендігіне байланысты мәлімделсе, онда сот заңды тұлғаны тарату туралы талаптан бас тарту туралы шешім шығарады.

АК-нің 49-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген негіздер бойынша кредиторлары болмаған заңды тұлғалар үшін заңды тұлғаны таратудан бас тарту кредиторлардың, уәкілетті органның немесе прокурордың сол заңды тұлғаны азаматтық заңнамада көзделген басқа негіздер бойынша тарату талаптарымен қайтадан жүгінуіне кедергі келтірмейді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

13. Кредитордың, прокурордың немесе уәкілетті органның сотқа берген жазбаша арызы бойынша сот жоқ заңды тұлғаны тарату туралы мәлімделген талаптың негіздерін өзгерту жөніндегі мәселені қарауга құқылы.

Талап қоюшы арызбен сотқа жүгіну кезінде жоқ деп көрсеткен уәкілетті лауазымды адамдардың, сондай-ақ заңды тұлғаның құрылтайшыларының (қатысуышыларының) сотқа келіп, өздерінің оларды тарату туралы талаппен, оның ішінде онайлатылған рәсім бойынша тарату туралы талаппен келісуі арызды қанағаттандыру үшін сөзсіз негіз болып табылмайды. Сот талап қоюды қанағаттандырудан бас тарта отырып, құрылтайшылық құжаттармен өкілеттік берілген адамдарға олардың заңды тұлғаны өз еркімен тарату туралы мәселені шешуге не белгіленген заңнамада көзделген өзге де негіздер бойынша мәжбүрлі түрде тарату туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы екенін түсіндіруге міндетті.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

14. Алып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 29.11.2018 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

15. Жоқ заңды тұлғаны және жоқ борышкерді тарату туралы талапты қарау кезінде сот құрылтайшылық құжаттардың негізінде заңды тұлғаның қызмет етуі мүмкін болмайтын тұлғалар тобын, оның құрылтайшыларының (қатысуышыларының) құрамын анықтауы және заңды тұлғаның жоқ екенін және болмау уақытын растайтын, ұсынылған дәлелдемелердің жеткіліктілігіне баға беруі қажет.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

16. Банкроттық рәсімді қозғамай, жоқ борышкерді таратуды уәкілетті орган Заңын 118-1- бабында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

17. АК-нің 49-бабының 3-тармағына сәйкес заңды тұлғаны таратуды жүзеге асыру жөніндегі міндеттер оның мүлкінің меншік иесіне, меншік иесі уәкілеттік берген органға, заңды тұлғаны таратуға оның құрылтай құжаттарында уәкілеттік берілген органға, заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату рәсіміне бастамашылық жасаған органға (тұлғаға) не өзге органға (тұлғаға), егер осы органның (тұлғаның) заңды тұлғаны тарату жөніндегі функцияларды жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, жүктелуі мүмкін.

Жоқ заңды тұлғаларды тарату және банкроттық рәсімдерін жүргізу республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылуына байланысты сот жоқ заңды тұлғаны, сондай-ақ жоқ борышкерді таратуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі міндетті сот уәкілетті органға жүктейді.

Жоқ заңды тұлғаны тарату АК-нің 50-бабында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

18. Соттың жоқ заңды тұлғаны тарату туралы не жоқ борышкердің дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы шешімі заңды тұлғаны тарату рәсімдері аяқталғанға дейін заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелімінен шығарып тастау үшін негіз болып табылмайды.

Жоқ заңды тұлғаны мәжбүрлі түрде тарату туралы немесе жоқ борышкерді банкрот деп тану туралы заңды құшіне енген сот шешімінің көшірмесі тиісті тіркеуші органға және статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне мәлімет үшін жіберіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

19. Жоқ заңды тұлғаны тарату кезінде табылған мүлік таратуға байланысты шығыстарды өтеуге, қалған мүлік АК-нің 50-бабының 8-тармағына сәйкес құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

20. Сот тарату рәсімдерін жүргізу жөніндегі міндеттерді жүктеген тұлға сотқа өзінің қызыметі туралы қорытынды есепті және тарату балансын ұсынады.

Сот ұсынылған құжаттарды он бес күн мерзімінен кешіктірмей қарайды және есепті бекіту туралы және конкурстық іс жүргізуді аяқтау (тарату) туралы немесе есепті бекітуден бас тарту туралы үйғарым шығарады.

Егер есепте жоқ заңды тұлғаны немесе жоқ борышкерді тарату кезінде қажетті рәсімдерді жүзеге асыру туралы жеткілікті мәліметтер мен дәлелдемелер болмаған жағдайда сот есепті бекітуден бас тарта алады.

Егер жоқ борышкердің кредиторлары тарату міндеті жүктелген адамның әрекеттеріне, шешімдеріне шағым жасаса, сот есепті шағым бойынша қабылданған сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін ғана қарайды.

Ескерту. 20-тармакқа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 29.11.2018 № 18 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

21. Уәкілетті органға тарату рәсімін жүргізу міндеті жүктелген кезде оған әкімшінің Заңда көзделген құқықтары мен міндettteri ауысады. Банкротта активтер, сондай-ақ, Заңның 7-бабында көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп тануға жататын мәмілелер болмаған жағдайда уәкілетті орган бір айлық мерзімде қорытынды есепті және тарату балансын кредиторлар жиналышына келісу үшін ұсынуға міндettі. Уәкілетті орган кредиторлар жиналышымен келіскең кезден бастап екі жұмыс күні ішінде қорытынды есеп пен тарату балансын бекіту үшін сотқа ұсынуға міндettі, сот қорытынды есепті бекіткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде банкроттың банктік шоттарын жабуға және мемлекеттік кіріс органына салық төлеуші қуәлігін және қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы қуәлікті (егер ол бар болса) тапсыруға міндettі.

Ескерту. 21-тармак жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

22. Сот үйғарымының қарар бөлігінде уәкілетті органға заңды тұлғаны тарату туралы шешімнің және тарату рәсімдерінің аяқталғаны туралы үйғарымның көшірмесін тіркеуші органға жіберу жөнінде тапсырма қамтылуы тиіс.

Егер заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден өтпесе, арыз беруші сотқа жүгінген кезде ұсынған жоқ заңды тұлға мен жоқ борышкердің түпнұсқа құрылтай құжаттары сот актілерінің көшірмелерімен бірге тіркеуші органға бір мезгілде беріледі.

Тіркеуші орган заңды тұлғаны тарату туралы бұйрықтың көшірмесін іс материалдарына қоса тіркеу үшін сотқа он құндік мерзімде жібереді.

Тіркеуші орган заңды тұлғаны тарату туралы бұйрық шығарғаннан кейін және бұл туралы мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізілімдеріне енгізілгеннен кейін ғана заңды тұлғаның таратылуы аяқталды, ал заңды тұлға жұмыс істеуін тоқтатты деп есептеледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

23. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК